



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына**

2023 жылғы 22 маусымдағы  
№ ДС-250 хатқа

**Құрметті депутаттар!**

Сіздердің балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруға қатысты сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

*Балалардың сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша бірыңғай талаптар мен ережелерді бекітуге қатысты*

Бүгінгі таңда Оқу-ағарту министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) білім алушылардың демалысы мен сауықтырылуын ұйымдастырудың бірыңғай қағидаларын әзірлеу бойынша жұмыстарын бастады. Осы мақсатта Министрліктің ережесіне тиісті құзырет енгізу жұмысы жүргізілуде. Бұл шара меншік нысанына қарамастан барлық лагерьлердің, орталықтардың қызметін реттеуге, сондай-ақ олардың материалдық-техникалық жарақтандырылуына, инфрақұрылымына, кадр құрамына қойылатын талаптарды күшейтуге мүмкіндік береді.

*Балалардың сауықтыру орталықтары қызметін лицензиялауға қатысты*

Қазақстан Республикасының 2023 жылға арналған заң жобалау жоспарының аясында әзірленіп жатқан білім беру және бала құқықтарын қорғау мәселелері бойынша «Білім туралы», «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» заңдарына қосымша білім беру ұйымдарына хабарлама беру тәртібімен тіркеу туралы өзгерістер мен толықтырулар енгізу қарастырылған.

Бұл ретте лицензиялауға балама ретінде ұсынылатын хабарлама тәртібімен тіркеу тәсілі қосымша білім беру ұйымдары санатына жататын, мемлекеттік тапсырыс есебінен қаржыландырылатын балаларды сауықтыру орталықтарының барлығына қатысты болады.

Қазіргі күні аталған заң жобасы мүдделі мемлекеттік органдарға келісу үшін жолданды, кейін Мәжіліс Парламентіне енгізілетін болады.

Сонымен қатар, білім беру саласы бойынша алғашқы деректерді жинақтау және өңдеу автоматтандырылған Ұлттық білім беру деректер қоры (бұдан әрі – деректер қоры) негізінде іске асырылады. Ұлттық білім беру деректер қорында қосымша білім беру ұйымдарының электрондық тізім енгізіледі, оның негізінде

жазғы демалысты есепке алу және ұйымдастыру жүргізілетін болады. Бұл жұмыстар жаңа 2024 жылғы сауықтыру маусымы басталғанға дейін теңестіріледі.

*Лагерьлердегі мамандарға оқыту курстарын ұйымдастыруға қатысты*

Республикада 24 мыңнан астам қосымша білім беру педагогтері бар. 2023 жылдың басында қажеттілік 1,5 мыңнан астам педагогті құрады.

Педагогтердің кәсіби біліктілікті арттыру мақсатында 40 білім беру бағдарламасы әзірленді. Жыл сайынғы біліктілікті арттыру курстарымен 2,5 мыңнан астам қосымша білім беру педагогтері қамтылды (2023 жылғы I жартыжылдықта - 2 мың).

Қосымша білім беру саласындағы кадрларды даярлау және қайта даярлау мәселелері қосымша білім беру жүйесін дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері жобасында көрсетілген (мүдделі мемлекеттік органдарға келісу үшін жолданды).

*Аңықтама: 2023 жылғы 22-26 мамыры аралығында «Жаздық сауықтыру және демалыс жолдамасы» бағдарламасы аясында барлық өңірлердегі балалар демалысын ұйымдастыруға жауапты мамандарға, әдіскерлерге арналған оқыту-семинары өткізілді.*

Алдағы үш жылда қосымша білім беру ұйымдарының 20 мыңға жуық мамандарын біліктілікті арттыру курстарымен қамту жоспарланған, оның ішінде 2023 жылы -3500 педагог курстан өтті (2024 жылы – 8000, 2025 жылы -8495 педагог өтеді).

*Лагерьлер арасында нақты баға саясатын белгілеуге қатысты*

Кәсіпкерлік Кодексінің 26-бабының 1, 4 тармақтарына сәйкес жеке кәсіпкерлік субъектілеріне кәсіпкерлік қызметтің кез келген түрлерін жүзеге асыруға, тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер нарықтарына қол жеткізу еркіндігі беріліп, көрсетілетін қызметтерге бағаны дербес белгілеу құқығы берілген. Осы себепті бағаны тек осы саладағы бәсекелестікті арттыру және нарықтық жүйе арқылы реттелетіндігін атап өтеміз.

*Лагерь атауын алмастыру мәселесіне қатысты*

Қазіргі таңда «лагерь» атауын «сауықтыру орталықтары» атауымен ауыстыру бойынша жұмыстар басталды. Бұл бірқатар нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізуді қажет етеді және кезең-кезеңімен іске асырылатын болады.

Жалпы, жазғы демалысты ұйымдастыру мәселелері Премьер-Министрдің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Т.Б. Дүйсенованың 2023 жылғы 28 шілдедегі отырысында қаралды. Мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдарға тиісті тапсырмалар берілді.

Жазғы уақытта балаларды сапалы әрі мазмұнды демалыспен, сауықтырумен қамту және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету Үкіметтің ерекше бақылауында.

**Ә. Смайылов**